3-қосымша
ҚР ҚМ МКК
төрағасының орынбасары
_____ Ж. Инкербаев
2026 жылғы «__» _____

Жиі қойылатын сұрақтар тізбесі

№	МО	Жиі қойылатын сұрақ	Қысқа жауап	Толық жауап	НҚА сілтеме	Кілт сөздер	Мысалдар мен жағдаяттарды пайдалану
1.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті МКК ДТЖБ Сейтбекова Ж.С. *т.: 87772457356*	Әкімші бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны қандай мерзімде орындауға тиіс? *«Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған жойылуы мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 367 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.*	Хабарлама алынған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде.	Әкімші хабарламаны өзіне тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде орындайды. Орындау хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жоюды және мемлекеттік кірістер органына хабарламаның орындалуы туралы есепті ұсынуды көздейді.	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес. **Орыс тілінде:** https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176#z118 **Мемлекеттік тілде:** https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176#z116	хабарлама / мерзім / бұзушылықтар	**Жағдай:** Банкроттық рәсімін жүргізу барысында борышкердің мүлкін өткізу кезінде бұзушылықтар анықталды. Банкроттықты басқарушы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама алды. **Нәтиже:** Хабарламаны орындау кезінде банкроттықты басқарушы анықталған бұзушылықтарды жояды және хабарлама алынған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде оның орындалуы туралы есепті ұсынады.

2.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті МКК ДТЖБ Сейтбекова Ж.С. *т.: 87772457356*	Егер анықталған бұзушылықты жою мүмкін болмаса, әкімшіге қандай құжат жіберіледі? *«Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған жойылуы мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 367 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы*	Әкімшіге жойылуы мүмкін емес бұзушылық туралы хабарлама жіберіледі.	Уәкілетті орган жою мүмкін емес бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, әкімшіге уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама бұзушылық анықталған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес. **Орыс тілінде:** https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176#z118 **Мемлекеттік тілде:** https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176#z116	хабарлама / борышкер / хабарламаны орындау мерзімі	**Жағдай:** Банкроттықты басқарушы заңнамада көзделген ақпаратты белгіленген мерзімнен кейін орналастырды. Уәкілетті орган бақылау жүргізу барысында ақпаратты орналастыру мерзімінің бұзылғанын және бұл бұзушылықты жою мүмкін еместігін анықтады. **Нәтиже:** Уәкілетті орган банкроттықты басқарушыға жою мүмкін емес анықталған бұзушылықтың сипаттамасы көрсетілген хабарлама жібереді.

3.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті МКК ДТЖБ Сейтбекова Ж.С. *т.: 87772457356*	Жою мүмкін емес бұзушылықтар туралы әкімшіге хабарламалар бірнеше рет жіберілген жағдайда қандай салдарлар көзделген? *«Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған жойылуы мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 367 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы*	Жою мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламалардың 12 тізбектелген күнтізбелік ай ішінде 3 реттен артық жіберілуі әкімшіні қызметінен шеттеуге әкеледі.	Әкімші уәкілетті органмен белгілі бір борышкерге қатысты 12 тізбектелген күнтізбелік ай ішінде 3 реттен артық хабарлама жіберілсе өз өкілеттіктерін орындаудан шеттетіледі.	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 7-тармағына сәйкес. **Орыс тілінде:** https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176#z118 **Мемлекеттік тілде:** https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176#z116	хабарлама / мерзім	**Жағдай:** Әкімші өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде бір борышкер бойынша 12 тізбектелген күнтізбелік ай ішінде оған жою мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарлама 3 реттен артық жіберілген. **Нәтиже:** Уәкілетті орган әкімшіні осы борышкерге қатысты өз өкілеттіктерін орындаудан шеттетеді.

4.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті МКК ДТЖБ Сейтбекова Ж.С. *т.: 87772457356*	Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда әкімші қандай мерзімде қарсылық жіберуге құқылы? *«Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған жойылуы мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 367 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы*	Хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде.	Әкімші хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде хабарлама жіберген уәкілетті органға жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қарсылық жіберуге құқылы.	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 7-тармағына сәйкес. **Орыс тілінде:** https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176#z118 **Мемлекеттік тілде:** https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176#z116	хабарлама / қарсылық / бұзушылық / мерзім	**Жағдай:** Банкроттықты басқарушыға ағымдағы ақпаратты ұсынбағаны туралы хабарлама жіберілді. Бұл ретте банкроттықты басқарушыда аталған ақпараттың уақтылы ұсынылғанын растайтын құжаттар бар. **Нәтиже:** Банкроттықты басқарушы хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

5.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті МКК ДТЖБ Сейтбекова Ж.С. *т.: 87772457356*	Әкімшіге бұзушылықтарды жою туралы хабарлама қандай тәсілдермен жіберіледі? *«Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның және бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған жойылуы мүмкін емес бұзушылықтар туралы хабарламаның нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 367 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы*	Жеке өзіне қол қойдыра отырып, пошта жөнелтілімімен не электрондық тәсілмен.	Анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама әкімшіге жеке өзіне қол қойдыра отырып немесе оның жіберілгенін және алынғанын растайтын өзге де тәсілмен тапсырылуға тиіс. Хабарлама мынадай жағдайларда тапсырылды деп есептеледі: 1.қолма-қол – хабарламадағы алынғаны туралы белгі қойылған күннен бастап; 2.пошта арқылы – тапсырыс хатпен жіберілген пошта жөнелтілімінің алынғаны туралы хабарлама берілген күннен бастап; 3.электрондық тәсілмен – уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасы арқылы жіберілген күннен бастап.	«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 7-тармағына сәйкес. **Орыс тілінде:** https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176#z118 **Мемлекеттік тілде:** https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176#z116	Хабарлама / табыс ету / әкімші / мерзім / бұзушылық	**Жағдай:** Уәкілетті орган банкроттықты басқарушыға бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберді. Алайда банкроттықты басқарушы оның мазмұнымен алынғаннан кейін бірнеше күн өткен соң танысты. **Нәтиже:** Хабарлама пошта жөнелтілімінің тапсырылғаны туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап тапсырылды деп есептеледі, оның мазмұнымен нақты танысқан күніне қарамастан.